

Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру мен ұсыну қағидаларын және оның үлгі нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2013 жылы 02 шілдеде № 8549 тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру мен ұсыну қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі есебінің үлгі нысаны.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті (А.А. Құдайбергеноваға) бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің вице-министрі М.Е. Әбілқасымоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

E. Досаев

Қазақстан Республикасы

Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрлік

2013 жылғы 25 маусымдағы

№ 193 бұйрығына

1-қосымша

**Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру мен ұсыну қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалар жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру мен ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Занының 8-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалар жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есепті қалыптастыру мен ұсыну тәртібін регламенттейді (бұдан әрі – есеп).

3. Есеп мемлекеттік органдардың қызметінің анықтығын және есептілігін арттыру, мемлекеттік қызметті көрсету процесін жетілдіру мақсатында қалыптастырады.

4. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және занды тұлғалар;

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауының жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын қоғамдық мониторингілеу – жеке тұлғалардың, коммерциялық емес ұйымдардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының деңгейі туралы ақпарат жинау, талдау және ұсынымдар әзірлеу жөніндегі қызметі;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау – көрсетілетін қызметті алушыларды орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері көрсететін қолжетімді және сапалы мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету бойынша шаралардың тиімділігін айқындау жөніндегі қызмет;

6) мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру – электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметті берушінің әкімшілік процестерін түрлендіру рәсімі;

7) мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңтайландыру – мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңайлатуға, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, көрсетілетін қызметті алушылар ұсынатын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ оны көрсету процесінің буындарын, оның ішінде автоматтандыру арқылы қысқартуға бағытталған іс-шара;

8) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу дің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

**Ескерту. 4-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2020 № 19/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2. Есепті қалыптастыру тәртібі**

## 5. Есеп:

орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі негізгі бағыттары туралы;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны туралы;

мемлекеттік қызметтерді көрсету процесін жетілдіру, онтайландыру және автоматтандыру бойынша орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің қызметінің нәтижелері туралы;

көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыс тетігі туралы;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға бағытталған жеке және занды тұлғалардың жүгінуі бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

## 6. Есеп үшін ақпараттар көзі:

1) статистикалық деректер;

2) уәкілдегі мемлекеттік органдар жүргізген "Мемлекеттік қызметтер көрсету" бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау нәтижелері;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері;

6) көрсетілетін қызметті алушылар сұрауларының нәтижелері болуы мүмкін.

7. Есепті әзірлеу кезінде қолданылған ақпарат мынадай өлшемдерге сәйкес болуы тиіс:

1) шынайылық (мониторинг процесінде алынған деректердің нақтылығын тексеру мүмкіндігімен деректерді жинау тәсілі және өндеу қолданылады);

2) салыстырмалылық (әртүрлі мерзімдегі кезеңдегі салыстырмалы деректер қолданылады);

3) объективтілік (бірнеше тәуелсіз көздерден алынған деректер қолданылады);

4) экономикалық (деректерді алу ақпаратты жинаудың қолданыстағы әдістерін қолдана отырып минималды мүмкін болатын шығындармен жүргізіледі);

5) болжамдылық (стратегиялық жоспарларда, бағдарламаларда, іс-шаралар жоспарларында және тағы басқаларында бар индикаторлар, көрсеткіштер қолданылады);

6) толықтылық (есепке деректерді тексеру және талдау дайындау үшін қолданылатын барлық ақпараттар көздерінің тізбесі қоса беріледі).

8. Орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері есепті қалыптастыру кезінде табликаларды, диаграммаларды, таныстырылымдарды, фотоларды, слайдтарды қолданады.

9. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері "электрондық үкімет" веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын есептік жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей осы бұйрықпен бекітілген үлгі нысанға сәйкес алдыңғы жылға есебін орналастыру қажет.

Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау Министрінің  
2013 жылғы 25 маусымдағы  
№ 193 бұйрығына  
2-қосымша

**Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі есебінің үлгі нысаны**

**Ескерту. Үлгі нысан жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2015 № 757 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 1. Жалпы ережелер

- 1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер.
- 2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:  
мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны;  
"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны;  
тегін және (немесе) ақылы негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны;  
қағаз және (немесе) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны;  
мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындастын бекітілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің саны.
- 3) Барынша талап ететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2020 № 19/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс**

**1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.**

**2) Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын жария талқылаулар туралы ақпарат.**

**3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).**

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2020 № 19/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет**

**1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.**

**2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.**

**3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін нормативтік-құқықтық жетілдіру.**

**4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау**

**1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат (қосымша).**

**2) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.**

**3) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау нәтижелері.**

**4) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері.**

**5. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің одан әрі тиімділігінің перспективалары және сапасына көрсетілетін қызметтерді алушылардың қанағаттануын арттыру.**